

«Кел Жаңа жыл, Жаңа жыл!»

Тәрбиеші:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Құрметті қонақтар, әріптестер көптеп күткен мерекеміз жаңа жылда келіп жетті. Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбасыларымызға бақыт, береке, денсаулық, ынтымақ алып келсін.

Ән «Аяз ата» хормен айтылады. Біздің бүлдіршіндер сіздерге ән салып береді.

Тәрбиеші: Балалар біздің жаңа жылға жаттаған қандай тақпақтарымыз бар?

Тақпақтар:

Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Алинұр

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Алишах

Орандың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау, қарлы шың.

Айым

Ақ дырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Айша

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар! Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Соны шешесіңдер ме?

Балалар: Иә.

Жұмбақ:

Ақсақалды шал жылына
Бір ақ рет келіп кетеді

10 шаға